# ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ

# ОРФОГРАФИЯЛЫҚ

# СӨЗДІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

# ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ

**50000 сөз**

**Өңделіп, толықтырылып төртінші басылуы**

Дайк-Пресс

ҚР БжҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кітапханасы
Инв.№ _____

**Алматы, 2001**

ББК 81.2-4
Қ 17

*Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналады*

Жауапты редактор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы, профессор - **Р.Сыздық**

Сөздікті құрастырушылар:
**Р. Сыздық, Н.Уәлиұлы, Қ.Жаманбаева, Қ.Күдеринова**

Жауапты шығарушылар - **Т.Нүсіпбай, Қ.Күдеринова**

Сөздіктің төртінші басылымының редакциясын басқарған - **Р.Сыздық**;
құрастырушылар - **А.Алдашева, А.Әбдірахманов, Б.Қалиев, А.Қалыбаева, Қ.Неталиева, Ұ.Салиева, Н.Уәлиев.**

**Қ 17** Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: 50000 сөз. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Тіл білімі институты.- Өнд.толықт., 4-бас. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. — 464 бет.

Орфографиялық сөздіктің 1988 жылы жарық көрген 3-басылымы 1983 жылы ұсынылған "Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің" редакциясына сәйкес түзілген болатын.

Бұл 4-басылымда сөзтізбеге бұрын енбей қалған сөздер мен тіркестер, бірқатар жаңа сөздер, ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси терминдер енгізілді, бірге немесе бөлек жазылатын сөздер айқындалып, реттелді. Білім-ғылымның белгілі бір салаларында ғана қолданылатын, күнделікті тіл тәжірибесінде өте сирек кездесетін шет тілдік атаулар бұл басылымнан қысқартылды.

Сөздік мұғалімдер мен мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, баспа қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың жұртшылықтың пайдалануына арналған.

ISBN 9965-441-38-3

**Қ 4602030000**
**00(05)-01**

**ББК 81.2-4**

**© Тіл білімі институты, 2001**
**© " Дайк-Пресс" баспасы, көркемдеу, 2001**

# АЛҒЫ СӨЗ

Бұл күндерде қолданып келе жатқан орфографиялық сөздігіміздің соңғы 3-басылымы 1988 жылы жарық көрген болатын. Ол басылым 1957 жылдан пайдаланылып келген қазақ тілі емле ережелерінің өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, 1983 жылы ұсынылған жаңа редакциясы бойынша дайындалған еді. Қазақ тілі емле сөздігінің 1988 жылғы 3-басылымы едәуір түзетулермен ұсынылып отырғаны оның "Алғы сөзінде" кеңінен көрсетілген болатын, атап айтқанда, сөздік құрамының толықтырылғаны; сұрыпталып, жүйелі тәртіпке келтірілгені; материалды ұсыну ретінің едәуір түзетілгені; ұядағы материалдардың жүйеленгендігі; бірге және бөлек жазылатын сөздердің едәуір іріктелгендігі айтылып, әрқайсысы нақты мысалдармен кеңінен көрсетілген еді.

Тіліміздің толық емле сөздігінің соңғы басылымынан бері де он жылдан астам уақыт өтті. Бұл жылдар қазақ тілінің қызмет етуі мен даму барысында айтарлықтай тарихи құбылыстардың кезеңі болғаны мәлім. Осы мерзім ішінде қазақ тілінің ішкі даму заңдылықтарында да, әсіресе, экстралингвистикалық деп аталатын сыртқы, яғни қоғамның саяси, мәдени, экономикалық, құрылымдық т.б. өзгерістеріне орай орын алған факторларға да қатысты тілде елеулі жаңалықтар, соны бағыт-бағдарлар пайда болып жатқаны және аян. Бұл - қоғам өмірінің, мәдениеті мен рухани болмысының объективті заңдылығы.

Тіл - тарихи құбылыс, халықтың әлеуметтік өмірінің қызметшісі, сондықтан ол осы заңдылықтарды аттап өте алмайды. Әсіресе ана тіліміздің "мемлекеттік тіл" статусын (дәрежелік атағын) иемденген тұстан бері сөздік қазынамыздың толығу, іріктелу бағытына, оның терминология саласына, сондай-ақ әріптердің аталуына, емле мәселелеріне, қазақ тілінің үндестік заңдары сияқты табиғи фонетикалық жүйесіне қатысты жаңа бағыт-бағдарлар ұсынылып, олардың кейбірінің жүзеге аса бастағаны байқалады. Ал бірқатар пікірлер баспасөз беттері мен жиын-конференцияларда графиканың (алфавиттің) түр-тұрпаты мен емлеге түбегейлі өзгерістер енгізу туралы пікірсайыстар, болашақ үшін тілек-талаптар түрінде орын алып келеді. Бұлардың бірқатары қазіргі кириллицадан ("орыс алфавитінен") латын жазуына көшу кезінде ескерілуге тиіс пікірлер болса, енді бірсыпырасы көшкенге дейін-ақ қолданыстағы әліпби құрамын өзгертуді, кірме сөздерді "қазақша сындырып" жазуды ұсыну сияқты талаптар түрінде болып отыр.

Тегінде, бүгінгі саясат пен өмір талабына орай жаңа латын жазуын қабылдау идеясы жүзеге асатыны даусыз шындық болса, 5-6 жыл үшін (жаңа жазу заңды түрде күшіне енгеннен кейін де 5-6 не 6-7, тіпті 5-10 жыл ішінде бірте-бірте орнығатындығы, бұл кезеңде бұрынғы жазудың да тәжірибеде орын ала беретіні белгілі) 50-60 жыл бойы үйреншікті болып қалыптасып қалған, айтарлықтай жақсы қызмет етіп келе жатқан таңбалар (әріптер) құрамы мен негізгі емле ережелерімізді түбегейлі өзгертудің қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз. Сондықтан "Қазақ тілінің негізгі емле ережелері" де құрылымы, яғни тақырыптары, баптары, негізгі қағидаларының баяндалуы жағынан өзгеріссіз қалдырылды да, азды-көпті өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізілді. Орфографиялық сөздіктің ұсынылып отырған 4-басылымына, алдымен, емле ережелеріміздің ең соңғы редакциясы бойынша түзетулер енгізілді. Мұнда қазақ тілінің соңғы 10-15 жыл ішіндегі жаңалықтары, әсіресе лексика саласындағы бірқатар өзгерістер ескерілді, емле ережелеріміз бен соңғы 1988 жылғы орфографиялық сөздікке байланысты айтылған сын-ескертпелерге назар аудардық. Сондай-ақ, сөздік неғұрлым ыңғайлы, сындарлы құрал болуы үшін, оны әрбір басылым сайын қырнай түсу, толықтыру, ықшамдау сияқты жұмыстардың жүргізілуі заңды іс-қарекет екендігі басшылыққа алынды. Сөйтіп, осы айтылғандардан

шығарып "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің" 4-басылымына мынадай өзгеріс, жаңалықтар жасалды:

**1.** Емле сөздігіміздің алдыңғы басылымдарында орыс тілі арқылы енген сөздер, әсіресе интернационалдық деп танылатын терминдер мейлінше көп берілген болатын, мұндағы мақсат қазақ тілінде жазылған әр алуан әдебиетте жиі не сирек болса да, әйтеуір кездеседі деген сөздердің дұрыс жазылуын білу үшін орыс тілінің орфографиялық сөздігіне қоса үңіліп отыру әрекетінен құтқару еді. Дегенмен бұлардың едәуір тобы, мысалы, *аберрация, адуляр, аншуг, индиго, ирит, баббит, билабиалды, изоглосса, скрепер* сияқты сөздер - ғылымның арнаулы салаларында ғана қолданылатын, қалың жұртшылыққа бейтаныс тұлғалар. Олар орыс тіліндегіден еш өзгеріссіз жазылатындықтан, көпшілік қолды бұл сөздіктен шығарылып отыр. Орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден алынып қолданып келген бір алуан сөздердің бұл күнде әдеби норма ретінде қазақша баламасы пайдаланылатындықтан, олар да емле сөздігінен алынып тасталды (мысалы, *архив, аптека, вклад, вкладшы, семья, система, программа, "көше" мағынасындағы проспект, протокол, самолет, документ* т.б. сияқты). *Авто, авиа, агро, интер* сияқты сөздермен келген тұлғалардан тек қазақ сөздерімен келетіндері ғана сөздікте қалдырылды (*автобөлшек, автокөлік, инфрасәуле, инфрақызыл, агрокешен, изосызық* т.т.), қалғандары, яғни екінші компоненті кірме сөз болып келетіндері (*автомашина, авиабилет, авиаспорт, автопилот, автопарк, изоморфизм, изомер, изотермия* т.т.) бұл басылымда берілмеді.

**2.** Орыс тілінен келген сөздердің күнделікті өмірде: оқу-ағартуда, әлеуметтік-саяси іс-әрекеттерде, өндірісте және бұқаралық ақпарат құралдары газет-журнал беттерінде, радио мен теледидарда жиі қолданылатындары қалдырылды, сондай-ақ қазақ тілінің қосымшаларын жалғап жазуда қиындық келтіретін кірме сөздер (олардың жиі, не сирек қолданылатынына қарамастан) емле сөздігінің бұл басылымында қалдырылып, олардың қазақ тілі қосымшаларымен келгендегі жазылу үлгісі көрсетілді: *поршень, поршеньге, поршені; прототип, прототипі; раунд, раундыға, раундысы; бандероль, бандерольға, бандеролі, букинист, букиниске, букинисі; букинистер; пленум, пленумға, пленумы; полюс, полюске, полюсі; этюд, этюдке, этюді; экономист, экономиске, экономисі, экономистер, фестиваль, фестивальға, фестивалі* т.т.

**3.** Бұл басылымның сөзтізбесіне көптеген жаңа сөздер қосылды. Олар:

а) бұрын қолданылып келген кірме сөздердің қазақша баламалары: *әдістеме, әуежай, бағдарлама, бейнетаспа, дәйексөз, зейнетақы, зейнеткер, ұшақ, күнпарақ, қазынама, медбике* т.б.;

ә) жаңа ұғымдарды атайтын жаңа сөздер, олардың дені туынды тұлғалар болып келеді: *оқылым, ауысым, өтінім, жанайқай, оралман, тұсаукесер* т.т.

б) белгілі бір терминдердің экспрессиялық көріктеуіш жарыспалы сыңарлары да сөздіктен орын алды: Елбасы *(республика президенті* дегеннің параллелі), *әнұран (гимн* деген кең мағыналы терминнің "мемлекеттік гимн" мағынасындағы параллелі), *торайым (төраға* сөзінің "жыныстық" параллелі), *қалабасы (қала әкімі* деген ресми лауазым атауының *"елбасыға"* ұқсас екінші аты), *елорда* (*"астана"* сөзінің қосалқы варианты), *дабылхат, жеделхат, үнқағаз, баянхат, жолқағаз, түпдерек, түптұлға* дегендер де не кірме, не төл сөз болып келетін қатарлары бар жаңа "қосалқы" сөздер. Мұндай сөздердің бірқатарының тілде орнығып, әдеби нормаға ену-енбеуі екіталай болғанымен, олардың әсіресе баспасөз беттерінде орын ала бастағаны ескеріліп, емле сөздігінде беріліп отыр.

**4.** Елеулі өзгерістің бірі - аң-құс, өсімдіктердің күрделі атауларының жазылуына байланысты. Бұрын ұсынып келген жазу тәртібіміз бойынша бірінші сыңары *ақ, қара, ала, сұр* сияқты түс атауларымен келген аң-құс, өсімдік, жан-жануарлар атаулары тіркес ретінде бөлек жазылатын. Сол сияқты алдыңғысы *тау, тас, су, жер* деген сөздер, соңғысы ботаникалық, зоологиялық атаулар болып келген күрделі сөздер де бөлек жазылатын. Бұлардың барлығы шындығында күрделі бір атау болып табыла-



ды, яғни бір ғана аң-құс, жәндік, өсімдік атын білдіреді, тіпті екінші сыңары біркелкі болып келгенде де алдыңғы компонент олардың түсін, қасиетін, тегін айырып көрсететін анықтауыш сөзден гөрі, соңғы атаумен бірігіп барып, бір ғана аңның, құстың, өсімдіктің, жәндіктің атын білдіретіндігі ескерілді. Сондықтан бұл аталған топтар біріккен сөз ретінде қосылып жазылды (бұрынғы сөздікте ұяда, мысалы *ақ, қара, сұр* деген сөздердің ұясында тіркеліп берілген болатын): *ақжалбыз, ақбаттауық, ақбидай, ақжүзген, ақсусар, ақтиін, ақшағала, ақши, қарабидай, қаракүр, қараләйлек, қаратүмсық. Қара* сөзінің ұясында тұрған және бұрыннан қосылып жазылып келе жатқан 35-тен астам аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік, ағаш атауларының бірінші сыңары *қара* болып келеді екен, енді бұлардың барлығы қосылып жазылатын болды. Сол сияқты *сұқұзғын, сұжылан, сұқоңыз, субүркіт, суықторғай, тасбеде, таскене, тасторғай, майсоран, майзығыр* т.б. біріккен сөз ретінде жеке-жеке берілді.

**5.** Бұрынғы сөздікке кірмей қалған бірсыпыра сөздер, әсіресе өсімдік, ауру атауларының дара тұлғалары да, біріккен сөз түрлері де тіркелді: *әлпігүл, әйкен, әндік, кербезгүл, әлпеншек, әсия* (өсімдік атаулары), *безтамақ, қанұйық, аққандылық, желжалақ* (медициналық терминдер), *әуежай, әлеует, кеден, кедендік, рәміз* т.т. Біріккен сөздердің ішінде кірігіп, яғни фонетикалық тұлғасын өзгертіп пайда болған топтары бар екені белгілі. Мысалы: *бүгін* (бұ+күн), *биыл* (бұ+йыл), *өйткені* (олай+еткені), *әкел* (алып кел), *Ұлмекен* (ұл+ма+екен) т.т. Осылардың қатарына тағы бірнеше сөзді кірігіп кеткен тұлғалар тізбегі деп, дыбыстық жағынан қиюластырып, яғни үндестік заңдарына сәйкестеп айтуға және солай жазуға болады деп есептеп, бұрын *шекара, қыркүйек, көкөніс, көкет* сияқты жазылып келгендерді *шегара, қырғүйек, көгөніс, көгет* түрінде жазу ұсынылды. Сол сияқты кірігіп біріккен сөздердің бір тобы алдыңғы компоненттің соңы дауысты дыбыс болып, екіншісі дауысты дыбыстан басталса, қатар келген екі дауыстының алғашқысы "жұтылып" (айтылмай) кететін сөздер бұрынғы сөздіктерде де бар болатын. Мысалы: *дәмету (дәме+ету), ешкемер (ешкі-емер), алтатар (алты+атар).* Осылардың қатарына тағы бірнеше сөзді қосуға болатыны ескерілді: *саптаяқ (сапты+аяқ), алауыздық (ала+ауыздық), босағаттар (босаға+аттар), сарағаш (сары+ағаш), қарғауыз (қарға+ауыз).* Көрсетілгендей кіріккен, яғни түбір тұлғалары сәл өзгеріп біріккен сөздердің жазылуын емле сөздігіне қарап реттеп отыру керек.

**6.** Бұрын бөлек жазылып келген бірқатар тіркес біріккен сөз ретінде қосылып жазылды: *қансонар, қолбала.* Бір жаңа ұғымды білдіретін термин іспеттес бірсыпыра тіркестер де біріккен сөз түрінде тұлғаланды: *ойтүрткі, ойтолғақ, басқосу, екіжүзділік, дүниеқоңыздық, еңбексүйгіштік.* Осы қатарға *бойжету, бойұру* сияқты біріккен етістік тұлғалар да қосылды.

**7.** Қазақ тілінің емле ережелерінде орыс тілінен ертеректе еніп, қазақ тілінің дыбысталу заңдылықтарына бойсұнып, тұлғасы өзгеріп қолданылатын сөздер сол өзгерген күйінде жазылады деген бап бар болатын. Бұл сөздердің басым көпшілігі тұрмыс-салтқа, сауда-саттыққа қатысты тұрмыстық лексика деген топқа жататыны белгілі: *самауыр, кереует, бәтес, жәшік, кір (өлшеуіш құралдың бөлігі), божы (вожжи), көшір (кучер).* Осы қатарға тағы да ондаған тұрмыстық зат атауларын қосуға болады. Мысалы: *келі* (бұрын *кило* деп келгеніміз), ал бұрын *завод, товар, поезд* деп жазылып келген 5-10 сөздің *зауыт, тауар, пойыз* деп өзгертілуінің де негізі бар: *зауыт, пойыз, газет, минут* сияқты сөздер де ертеректен осылай қолданылып келгені мәлім, ал *тауар, үтік, қарындаш* сөздерінің түп-төркіні түркілік (демек, қазақтық та) екенін ескеріп, бұлардың да орысша тұлғалары өзгертілді. Сан жағынан "қазақыланған", яғни қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына қарай өзгеріп жазылатын кірме сөздер аса көп емес, сондықтан олардың да жазылуын сөздікке қарап біліп алуға болады.

**8.** Жаңадан енген сөздердің бірқатарына *өс.* - өсімдік, *мед.*- медицина, *әск.* - әскери сөз, *этн.* - этнографизм, *зоол.* - зоологиялық термин, *тер.* - термин сөз, *ойын* деген сияқты қысқартылған түсініктемелер беріліп отырды (бұл тәсіл бұрынғы басылымдарда да қолданылған болатын).

**9.** *-лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік)* жұрнағымен жасалып терминдік ұғымға ие болған сөз тіркесі біріккен сөз-термин ретінде қосылып жазылды, яғни

олар саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени терминдер деп немесе терминдік мәндегі анықтауыштар деп танылды: *жалпақшешейлік, қаназдық, аққандылық, ұлтжандылық; жалпыадамзаттық, жалпыэкономикалық* т.т.

**10.** Құрал-жабдықтардың қазақша аттары техникалық атаулар ретінде қосылып жазылды: *ақаутапқы (тех). әуетозаңдатқыш, бензоқұйғыш, дәнсепкіш, жылутартқыш* т.т.

**11.** Кейбір сөздердің жазылуы және қосымша жалғанғандағы өзгерісі жаңаша берілді. Мысалы, *баб* (*"параграф"* мағынасындағы) сөзі *бап, бархан (құм)* сөзі *барқан* деп өзгертілді, *дауыс, ауыл* сөздеріне тәуелдік жалғауы жалғанғанда, соңғы буындағы *ы* дыбысы түсіріліп те, түсірілмей де жазылады деп түзетілді *(дауысы ж. даусы)*, буындар құрылымында дәл осындай екінші буындары *уыс, уыт, уыр* болып келетін *ауыс, құыс, сауыт, дәуіт, дәуір* сияқты сөздерге тәуелдік жалғауларын жалғағанда, соңғы буындағы *ы, і* дыбыстары түсірілмей жазылады: *уысы (усы емес), құыс+ы-құысы (құсы емес), сауыт+ы-сауыты (сауты емес), дәуір+і-дәуірі (дәурі емес)* т.т.

**12.** Кейбір жасанды тұлғалар сөзтізбеден алынып тасталды, олар: *айтысқыштық, асыралу, жапсырғызу, жығылдырту, жібісу, қораздандыру, ситақшыл* т.б.

**13.** Қазіргі қазақша ай аттары берілгеніне қарамастан, *январь, апрель, май* сияқты бұрынғы қолданып келген ай аттарының да жазылуы көрсетілді, өйткені бұл аттар осы ғасырдан басындағы жазбалардан бастап (мысалы, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, М.Дулатовтар 10-20-жылдарда ай аттарын орысша атаған) әр алуан әдебиетте қазірдің өзінде ішінара қолданылатыны ескерілді.

**14.** *Еркашты* (болу), *жолсоқты* (болып шаршау), *пышаққесті* (тыйылу), *қағазбасты* (болу), *жүрекжарды* (хабар) сияқты сөздер бұрын бейнелі тіркес ретінде бөлек жазылып келсе, енді біріккен сөз ретінде қосылып жазылуы ұсынылды. Бұлар сан жағынан аса көп емес, сондықтан емле сөздігіне қарап, жазылуын біліп алуға болады. Сол сияқты бұрын бірде бірге, бірде бөлек жазылып жүрген *ұрда-жық, уда-шу, аста-төк* (байлық), *келде-кет* (болып отыру) сияқты тіркестердегі *да, де* шылауының алдыңғы компонентпен бірігіп, тіркестің келесі сыңарымен дефис арқылы жазылуы тұрақтандырыла түсті.

Сөйтіп, "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің" ұсынылып отырған 4-басылымы соңғы 10-15 жылдың ішіндегі тілімізде болып жатқан өзгеріс-жаңалықтармен толықтырылды; сөздікті пайдалануға көмегін тигізетін анықтама материалдар молырақ берілді, қазіргі қолданыстан шығып бара жатқан кірме сөздер мен жазылуы орыс тіліндегі түрімен бірдей түсетін, күнделікті тіл тәжірибесінде жиі қолданылмайтын, көбінесе интернационалдық терминдер болып келетін сөздер сөздіктен шығарылды; бірге не бөлек жазуда қиындық келтіріп жүрген сөздер реттелді, екі сөзбен білдірілетін аң-құс, құрт-құмырсқа, бақа-шаян, өсімдік атаулары біріккен сөз ретінде сөзтізбеге шығарылды. Қазақ тілі емле сөздігінің 1988 жылғы 3-басылымына айтылған сын-пікірлердің бірқатары ескерілді.

Бұл емле сөздігінің 4-басылымын баспаға даярлағандар - **Р.Сыздық, Н.Уәлиұлы, Қ.Жаманбаева, Қ.Күдеринова,** бұл басылымның да жауапты редакторы - **Рәбиға Сыздық.**



# ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ӨҢДЕЛГЕН ТҰСТАРЫ ЖАЙЫНДА ТҮСІНІКТЕМЕ

I. Жаңа латын жазуына көшкенге дейін қазіргі пайдаланып отырған әліпби (алфавит) таңбаларын өзгертпей, сол күйінде қалдыра тұруды жөн деп таптық, сондықтан қолданыстағы "Қазақ тілінің орфографиялық негізгі ережелерінің" құрылымы (тақырыптары, параграфтар тәртібі) көп өзгеріссіз қалдырылды.

2. Емле ережелеріміздің ең соңғы (1983) өңделіп, ұсынылған және ресми түрде қабылданып, бекітілген нұсқасына да 15-16 жылдай уақыт өтіпті. Осы мерзімнің ішінде қазақ тілінің лексикалық қазынасында да, сөздердің жазбаша және ауызша қолданылу тәжірибесінде де өзгеріс, жаңалықтар орын алғаны мәлім, сондықтан біраз мысалдар (сөздер, тіркестер) өзгертілді. Айталық, соңғы кездерде қазақша баламасы алынған *самолет, ось, ткань, киоск, текст, инерция* сияқты сөздер немесе *Советтік Социалистік Республикалар Одағы, РСФСР* сияқты тіркестер алынып тасталды; қолданысқа жаңадан ене бастаған *бюджет, кредит, актив, пассив, транш* сияқты экономикалық терминдер және қазақша алынған қысқартулар *(ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, ҚР - Қазақстан Республикасы, АҚ - Акционерлік қоғам)* мысалға келтірілді.

3. Бірқатар параграфтар қосымша мағлұматтармен кеңейтіліп берілді. Айталық, "Бөлек жазылатын сөздер", "Бірге жазылатын сөздер" деген және өзге де тақырыптардың кейбір параграфтары (18, 19, 21, 25, 29, 33, 49, 50) толықтырылды. Мысалы, ботаника, зоология терминдерінің, яғни аң-құс, өсімдік атауларының екі түбірден жасалғандарының бірге не бөлек жазылуы жөнінде бұрынғы ережелерге өзгерістер енгізілді: түс атауларымен келетін *қараторғай, қаракүйе, қаражидек, аққайың, қызылқайың, ақбидай, қарабидай* сияқты терминдер де, бір сыңары *қой, сиыр, түйе, қоян, ат, аю, бөрі* немесе *ағаш, шөп, от, тікен, гүл, жапырақ, тамыр, құс, балық, тауық, құрт* сияқты жалпы атаулар болып келетін өсімдік, аң-құс атаулары да қосылып жазылатындығы жаңадан ұсынылды (бұрын *қара жидек, қызыл жидек, қоян оты, киік оты* сияқтыларды көбінесе бөлек жазып келген едік). Мұндай өзгерістерді анығырақ не түгел білгісі келгендерге көрсетілген параграфтарды бұрынғы нұсқаларымен салыстырып қарауларын ұсынамыз.

4. Бірқатар параграфтарға берілген ескертулер кеңейтілді: **ж** мен **й** дыбыстарының ортасында келген **а** дыбысының естілуі мен жазылуы туралы ескерту; 25-параграф бойынша фразалық тіркестердің жазылуына қатысты *алыпқашпа, жүрекжарды, жолсоқты, қағазбасты, пышаққесті (тыйылу), баукеспе* (ұры) сияқты тіркестердің қосылып жазылатындығы туралы ескертпе; *күнә, кінә, күмән, Күләш* сияқты екінші буынында ә әрпі жазылатын сөздерге қосымшалардың жіңішке жалғанатындығы (бұрын жуан жалғанады деп едік) жайындағы ескерту жаңадан ұсынылды, ал соңғы сөздерге барыс жалғауы мен *=ла/=ле* қосымшасының жуан болатындығы ескерту етіп берілді.

5. *Ауыл, дауыс* сияқты бірен-саран сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, олардың қолданыстағы айтылу ыңғайына қарай, соңғы буындағы ы, і әріптерінің түсіріліп те, түсірілмей де жазылатындығы ескертілді, олар емле сөздігінде "және" деген белгімен қатар беріледі: *ауыл, аулым* **ж.** *ауылым, дауыс, даусы* **ж.** *даусы.*

6. Ережелердің бұлардан өзге де бірқатар тұстарында бір сөйлемнен не жеке сөздерден алынып-қосылған дегендей стильдік редакциялар жүргізілді.

# ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ НЕГІЗГІ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ

## I. ӘРІПТЕРДІҢ ЕМЛЕСІ

### 1. Дауысты дыбыс әріптерінің қолданылуы

**§ 1. а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, э** әріптері жалаң дауыстылардың, ал **ё (йо), и, у, ю, я** әріптері **йо, ый, ий, ұу, үу, йу, йа** деген қосынды дауыстылардың да (мысалы: *заем, қи, қиын, жиі, су, шумақ, аю, якорь, саясат*), кірме сөздерде жалаң дауыстылардың да таңбасы ретінде (мысалы: *слёт, кино, бюджет, отряд*) жұмсалады.

**§ 2. а, е, ы, і** әріптері сөздің барлық буындарында жазылады. Мысалы: *ал, қала, шағала; ер, ересек; ыс, бақытты, айыр, қатысты, қорыту, құмырсқа, жапырақ; іс, білімді, көкірек, үкімет, әсіресе, мәжіліс.*

***Ескерту.*** а) Сөз басындағы **ж, ш** дыбыстары мен **й** дыбысының ортасында келген **а** дыбысы көбінесе жіңішке **э** болып айтылады, бірақ **а** әрпі жазылады. Мысалы: барлық мағынадағы *жай* сөзі және оның туынды тұлғалары *(жай* сөйлем, *жайына* жүр, *жай* түсті, *дастарқан жайды, жайғызу, жайбарақат, жайдан-жай, жайсапар, жай-күй, жайлы* орын, *жайсыз* тию, *жайлап* айту*), шай (шай іш, шайға кел), шайы (шайы* орамал).

ә) Сөздің алғашқы буынындағы не алдыңғы буындарындағы жіңішке дауыстылардың әуенімен келесі буында жіңішке айтылатын (естілетін) ә дыбысының орнына а әрпі жазылады: *ләззат (*айтылуы - *ләззәт), рәсуа (*айтылуы - *рәсуә), Жәмила (*айтылуы - *Жәмилә), Фәрида (*айтылуы *Фәридә), тәкаппар (*айтылуы - *тәкәппар).*

**§ 3. ә, о, ө, ұ, ү** әріптері жалаң сөздердің бірінші буындарында жазылады. Мысалы: *ән, әнші, сән, дәлел, дәрігер; орын, жолаушы; өлең, көлем, көбелек, төртеу; ұлы, құлын; үндеу.*

Бұл әріптер біріккен сөздер мен қос сөздердің екінші сыңарларының басқы буындарында да жазылады. Мысалы: *Есенәлі, дәрі-дәрмек, тәлім-тәрбие; Қызылорда, Талдықорған, жөн-жосық, өте-мөте; басқұр, қаламұш, жазғытұрым, кешқұрым, тарс-тұрс; бүрсігүні, еңбеккүн, сайгүлік.*

***Ескерту.*** **ә, ұ, ү** әріптері мына сияқты сөздердің екінші буындарында жазылады. Мысалы: *сірә, кінә, күнә, куә, іңкәр, күмән, шүбә, зәмзәм, мүсәпір, дүдәмал, Күләш, Күләнда, Мүтән, Күләй; мағлұм, бұлбұл, мақұл, байғұс; мәжбүр, әңгүдік, дүлдүл* (бұлар емле сөздіктерінде толық беріледі).

**§ 4. и** әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) түбір сөзде де, туынды сөзде де жіңішке естілетін жалаң **и** дыбысының және қосарлы **ый, ій** дыбыстарының таңбасы ретінде **и** әрпі қолданылады. Мысалы: *иіс, ий, ине, имек, илеу, тиын, тиін, қиын, киін, сирек, сирақ, ти, тиімді, тиіс, жиналыс, тарихи, саяси, яғни, ылғи, қағида, ақиқат, Иса, Иманбай, Қали, Әли, Сағира, Қалима, Кәлима, кино, кредит, комиссия, идея, иероглиф;*

ә) **я, ю** әріптерінің алдында **ы, і** әріптерінің орнына **и** әрпі жазылады. Мысалы: *тақия, дария, дүрия, сия, қия, мия, Әсия, Ғалия; қию, жию, тию (тиді, тиген).*

***Ескерту.*** Қосарлы **ый** әріптері тек **сый, тый** сөздерінде (оларға қосымша жалғанғанда да) жазылады. Мысалы: *сыйлық, сыйлау, сыйымды, сыю, сыяды, тыйым, тыйылу, тыю, тыяды.*

б) **йы, йі** дыбыстар тіркесі мен **ы, і** дыбыстарына бітетін етістіктерге көсемшенің **-и** жұрнағы жалғанғанда, соңғы **ый, ій** әріптерінің орнына бір ғана **и** әрпі жазылады. Мысалы: *байы+й+ды-байиды (байыйды, баиды* емес), *кейі+й+ді - кейиді (кейійді, кеиді* емес), *оқы+й+ды - оқиды (оқыйды* емес), *ірі+й+ді -іриді (ірійді* емес), *суы+й+ды - суиды (суыйды* емес), *мойы+й+ды -мойиды (мойыйды, моиды* емес), *шірі+й+ді - шіриді (шірійді* емес), *құры+й+ды - құриды (құрыйды* емес);



в) **и** дыбысына бітетін етістіктерге жалғанатын тұйық райдың **-у** жұрнағы **-ю** түрінде, көсемшенің **-а** жұрнағы **-я** түрінде жазылады. Мысалы: *и - ию (иу* емес), *ки - кию (киу* емес), *қи - қию (қиу* емес), *жи - жию (жиу* емес); *қи - қияды (қиады* емес), *жи - жияды (жиады* емес).

**§ 5. у** әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) түбір сөзде де, туынды сөзде де бірде жуан, бірде жіңішке естілетін дауысты **у** дыбысының, сондай-ақ дауысты дыбыстан бұрын және кейін келетін үнді **у** дыбысының таңбасы ретінде қолданылады. Мысалы: *су, гүіл, у, руль, жуа, қуат, уыз, қалаулы, селеу, тіреу, түйреуіш, уақыт, уәде, дәулет, дәуір, шушуледі, шулады, гу-гуледі, тулады;*

ә) **ы, і** дыбыстарына бітетін етістіктерге тұйық райдың **-у** жұрнағы жалғанғанда, **ы, і** дыбыстары түсіріліп жазылады. Мысалы: *оқы - оқу, тоқы - тоқу, жібі - жібу, ірі - іру, суы - суу;*

б) **у** дыбысына бітетін етістіктерге тұйық райдың **-у** жұрнағы жалғанғанда, оның түбірі өзгертілмей жазылады. Мысалы: *сау - сауу, бу - буу, ту - туу, қу - қуу, ау - ауу, жу - жуу.*

**§ 6. э, ё (йо)** әріптері орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздерде ғана жазылады (әрі қарай "орыс тілінен енген сөздер" дегенде интернационалдық сөздерді де ұғу қажет). Мысалы: *экономика, этика, эстетика, дуэт, эволюция, этнография, экспорт, электр, пулемёт, Пётр.*

***Ескерту.*** Жазу тәжірибесінде **ё (йо)** таңбасының орнына көбінесе **е** әрпі қолданылады, бірақ сөзді **ё (йо)** дыбысымен айту қажет: заем (айтылуы - *зайом), Петр* (айтылуы - *Пиотр), пулемет* (айтылуы - *пулемьиот).*

**§ 7. ю** әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) сөз құрамындағы дауысты дыбыстан кейін қосынды **й+у** дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: *аю, ою, үюлі, кею, көркею;*

ә) орыс тілінен енген сөздерде сөз басында және дауыссыз дыбыстан кейін де жазылады. Мысалы: *бюджет, полюс, люкс, адъютант.*

***Ескерту.*** *Айуан, айуанат, хайуан, хайуанат, кейуана, миуа, диуана, қиуа, қиуаз* деген сөздер осында таңбаланғандай жазылады.

**§ 8. я** әрпі мынадай сөздерде жазылады:

а) сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін қосынды **й+а** дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: *яки, яғни, қоян, таяқ, ая, мая, сая, қия, мия, сия, қияқ, тұяқ, саяқ;*

ә) орыс тілінен енген кейбір сөздерде дауыссыз дыбыстардан кейін де жазылады. Мысалы: *отряд, снаряд, аккумулятор.*

### 2. Дауыссыз дыбыс әріптерінің қолданылуы

**§ 9. б, в, г, д** әріптері, негізінде, сөздің басында, ортасында және орыс тілінен енген сөздердің соңында да жазылады. Мысалы: *байқа, хабар, гүл, әдет, вагон, авиация, клуб, штаб, актив, пассив (*финанс терминдері*), резерв, устав, педагог, округ, наряд.*

**§ 10. ж, з, к, қ, л, м, н, п, р, с, т, ф, х, ш** әріптері сөздің басында да, ортасында да, соңында да жазылады. Мысалы: *жаз, жақсы, қажет, құж, лаж, заң, сазан, саз, көл, көңіл, қош, шаш, намыс, нан, самал, фабрика, шкаф, альманах, хат, химия, цех, колхоз, рас, ру, рет, лас, лау, лек, көп, жаздым, келдім.*

**§ 11. ң** әрпі сөздің ортасында және соңында ғана, ал **ғ** әрпі сөздің басында және ортасында ғана жазылады. Мысалы: *жаңа, аң, таң, ғалым, аға, ағартушы.*

**§ 12. ф, ц, ч, щ** әріптері орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: *физика, кафе, кофе, щи, борщ, лифт, цифр, шифр, шрифт, чек, очерк, центнер.*

***Ескерту.*** **щ** әрпі қазақтың байырғы сөздерінен *ащы, тұщы, кеще* деген сөздерде ғана жазылады, **ф** әрпі араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалқы есімдер мен бірен-саран жалпы есімдерде де жазылады. Мысалы: *Фазыл, Фәрида, Фәтима, Марфуға; саф (алтын), фәни (дүние).*

§ 13. **й** әрпі қысаң **ы, і** дыбыстарынан басқа (*тый, сый* сөздерін қоспағанда) дауысты дыбыстардан кейін жазылады. Мысалы: *ой, ай, кей, құй, күй, әй, өй, магний, калий, санаторий, сценарий, комментарий, Маяковский.*

§ 14. **х** әрпі мынадай орындарда қолданылады:

а) орыс тілінен енген сөздерде жазылады. Мысалы: *химия, хлор, археология, бухгалтер, цех, хирург, зоотехник;*

ә) араб, парсы тілдерінен енген кейбір жалпы, жалқы есімдерде жазылады. Мысалы: *хал, хат, халық, тарих, кітапхана, асхана* (ондай сөздердің тізімі емле сөздіктерінде беріледі); *Хамит, Ахмет, Халел.*

§ 15. **һ** дыбысы естілген орындарда жазылады. Мысалы: *қаһарман, қаһарлы, ehe, гауһар, уһ, аһылады, уһіледі.*

### 3. ь, ъ белгілерінің қолданылуы

§ 16. **ь, ъ** таңбалары орыс тілінен енген сөздерде айыру және жіңішкелік белгісі ретінде ғана жазылады. Мысалы: *съезд, объект, субъект, альбом, асфальт, руль, вексель.*

## II. ТҮБІР СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 17. Сөз тіркесіндегі жеке сөздер естілуінше (айтылуынша) жазылмай, негізгі тұлғалары сақталып жазылады. Мысалы: *ала ат (алат* емес), *бара алмаймын (баралмаймын* емес), *қара көленке (қара гөленке* емес), *көк орамал (көг орамал* емес), *ақ лақ (ағ лақ* емес), *барса игі еді (барсигеді* емес), *келсе игі еді (келсигеді, келсегеді* емес), *барып па екен (барыппекен* емес).

§ 18. Орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы негізінен орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады. Мысалы: *вагон, паровоз, гидрология, биология, комитет, агроном, агротехника, педагог, медицина, спорт, хирург, конституция, клуб, кино, радио, станция, адвокат, ракета, планета, молекула, бюджет, кредит, банк, транш.*

***Ескерту.*** **сс, лл, кк, тт** сияқты біркелкі екі әріппен келген кірме сөздердегі қос әріптің біреуі қосымша жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *прогресс - прогреске, металл - металдар, грамм - граммы, балл (баға) - бес балдық жүйе, Донбасс - Донбастан.*

Ал орыс тілінен келген бірқатар кірме сөздер, әсіресе тұрмыс-салтқа қатысты зат, бұйым атаулары ерте кездерден дыбысталуы қазақша қалыптасқан түрінде жазылады. Мысалы: *жәшік, бәтеңке, сіреңке, божы, бөкебай, бөшке, қалаш, шөген, кір (гиря), келі (кило), сот, болыс, облыс, зауыт, тауар* (бұл - түркі тілдерінің өз сөзі). Соңғы дауысты дыбысын түсіріп қалыптасқан *газет, минут, гранат, цифр, координат* сияқты он шақты сөзден басқа кірме сөздерде соңғы **а** дыбысы түсірілмей қолданылады және солай жазылады: *оптика, кассета, кантата, капсула, тирада.*

§ 19. Араб, парсы тілдерінен енген сөздер негізінен қазақша дыбысталып өзгерген күйінде жазылады. Мысалы: *әділ, амал, пейіл, ақпар, әлем, мектеп, пән, кітап, бұқара.*

Кірме араб сөздерінің ішінде екі-үш түрлі мағынаны білдіру үшін тұлғасын сәл өзгертіп қалыптастырылғандары сол екі-үш вариантта жазылады. Мысалы: *үкімет және өкімет, хабар - ақпар, әрекет - қарекет, пейіл - пиғыл, ақирет - ақырет (кебін), мәлімет - мағлұмат, қазына - қазине (қазинелі қара нар), қазір - әзір, қақы - ақы - құқы, хақ - ақ, ғашық - асық, ғылым - ілім.*

Араб, парсы тілдерінен енген бірқатар кісі аттары әркімнің әр түрлі ат қоюына байланысты сол қалыптасқан күйінде жазылады. Мысалы: *Хасан, Хасен; Зәуре, Зура, Зухра; Бәтима, Фәтима, Пәтима; Қали, Гали, Әли, Әлі; Жүсіп, Түсіп, Нүсіп; Омар, Ғұмар.*



## III. БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

§ 20. Күрделі атаулардың (мемлекет, республика, облыс, мекеме, ұйым аттарының) әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *Қазақстан Республикасы, Мәдениет министрлігі, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы.*

§ 21. Екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты, құбылысты, ұғымды атап, алдыңғысы соңғысының тегін (неден жасалғанын), неге, кімге арналғанын, немен жұмыс істейтінін және өзге заттардан ажыратылатын белгілерін білдірсе, олар бір-бірінен бөлек жазылады, мұндай күрделі тіркестердің алдыңғы сөзі анықтаушы, соңғысы анықталушы болып келеді. Мысалы: *ат қора, қой қора, жол азық, ағаш күрек, темір күрек, тас жол, су диірмен, жел диірмен, қолқа тамыр, күре тамыр, қан тамыр, сан ет, қол ет, сұрпы ет, ұл бала, қыз бала, қос етек (көйлек), мысық мұрт (жігіт), ала бұлт.*

§ 22. Күрделі сан есімдердің, күрделі сын есімдердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *он бір, он сегіз, жиырма бір, жиырма сегіз, жүз он жеті, екі жүз жетпіс төрт, бір мың тоғыз жүз елу үш, төрт жарым, отыз екі жарым; қара ала, көк ала, қара көк, ақ сұр, құла қасқа, құла жирен, торы төбел, ақ шабдар.*

§ 23. Күрделі етістіктердің әрбір сөзі бөлек жазылады: Мысалы: *жаза бер, жазып отыра бер, жүгіре жөнелді, жүгіріп ала жөнелді, бара алмады, бара алмай қалып еді, жығылып қала жаздап барып қалды.*

§ 24. Есім, еліктеуіш сөздер мен етістіктерден құралған күрделі сөздердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: *қызмет ету, жұмыс қылу, жәрдем ету, шап етті, лап қойды, тап берді, қол шапалақтау, ду ете түсу, баж етті.*

§ 25. Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады. Мысалы: *таяқ жеді, ат салысты, бой ұрды, бас тартты, бас бұрды, тіс қаққан (бала), қырғи қабақ болу, көк езу (мылжың), қол жалғап (жібер), қол ұшын (берді), қол созым (жер).*

*Ақ ниет, арам ой, ақ көңіл, бас көтеру, бой ұру, қол жету* сияқты фразалық тіркестерден жасалған күрделі сөздер де негізін сақтап бөлек жазылады: *ақ ниетті, арам ойлы, арам ниеттілік, ақ көңілді.*

***Ескерту.*** а) Бірінші сыңары зат есім, кейде етістік, екіншісі **=ты, /=ті, =ды, =ді/** қосымшалы өткен шақтағы етістік немесе **=па/пе, =ба, =бе/** қосымшалы сөз болса, мұндай бейнелі тіркестер қосылып жазылады (олар сөздіктерде көрсетіліп беріледі). Мысалы: *алыпқашпа* (сөз), *жүрекжарды* (қуанышты хабар), *жолсоқты* (болу), *қағазбасты* (болу), *пышақкесті* (тыйылу), *баукеспе* (ұры).

ә) О баста идиомалық, фразалық тіркестер болғанымен, терминдік, атауыштық мәнге ие болып бірігіп кеткен тұлғалар қосылып жазылады. Мысалы: *ақсақал, атқамінер, көзқарас, ақсүйек, ойтолғақ, ойтүрткі* (бұлар емле сөздіктерінде көрсетіледі).

## IV. БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

§ 26. Тұлғасы өзгертіліп барып біріккен сөздер қосылып жазылады. Мысалы: *бүгін, биыл, қыстығүні, күздігүні, жаздығүні, аланғасар, ашудас, белбеу, апар, әпер, түрегелді, ерғашты, жарғанат, қарағаш, алтатар, көгөніс, қырғүйек, шегара, көгала (мылжың), көгала (қойдай сабау).*

§ 27. *Еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздерімен біріккен есімдік, үстеу сөздер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады. Мысалы: *әркім, әрбір, әрдайым, әрқашан, ешкім, ешбір, ешқандай, ештене, кейбір, қайбір, қайсыбір, бірдене, бірнеше, бірталай, біраз, бірсыпыра, біржолата, бірыңғай, біркелкі, бірқыдыру, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқандай, әлдеқашан.*

***Ескерту.*** *Еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады. Мысалы: *еш адам, әр бала, қай үй, кей адам, бір жұмыс, әлде жылқы, әлде сиыр.*

§ 28. Екі түбірден құралып, ғылымның әр алуан (саяси-әлеуметтік, лингвистикалық, филологиялық, биологиялық, астрономиялық, физика-математикалық, химиялық т.б.) саласында терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы тұлғаларын сақтап, бірге жазылады. Мысалы: *баспасөз, өнеркәсіп, кәсіподақ, арасалмақ, аракатынас, келіссөз, көзқарас, зейнетақы, қонақасы, шикізат, көкжиек, кемпірқосақ, шоқжұлдыз, оттегі, сутегі, қостотық, үшбұрыш, сегізжақ, көпмүше, тозаңқап, гүлтабан, тамыржеміс, сүткоректілер, оңқанаттылар, сөзжасам.*

§ 29. Екі, кейде үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік атаулары түбір тұлғалары сақталып, бірігіп жазылады. Мысалы: *қосаяқ, қарақұйрық, ақбөкен, тасбақа, құрбақа, бірқазан, аққұтан, көккұтан, аққу, қарақұс, есекмия, өгізшағала, жаужұмыр, түйеқарын, шегіргүл, айдаршөп, қырықаяқ, қарақүйе.*

Ботаника, зоология терминдерінің ішінде мынадай жолмен жасалған күрделі атаулар біріккен сөз болып, сыңарлары қосылып жазылады:

1) Бірінші сыңары *ақ, қара, сары, көк, қызыл, ала, боз* деген түс атауларымен келген аң-құс, өсімдік аттары және *қой, сиыр, түйе, бота, қозы, ат, қоян, аю, бөрі,* немесе *ит; құм, су, бал, у, сор* деген жалпы атаулар мен жеке тұрғандағы лексикалық мағынасынан айырылған сөздер тіркесі болып келген терминдер қосылып жазылады: *алақоржын* (тышқан), *қарақанат, қарабай, ақиық* (құстар), *ақбілек, көккаска, көкнайза, қызылбас* (өсімдік атаулары), *аққөз, қаракөз, алабұға* (балықтар), *қарақұйрық* (аң), *құмбетеге, субетеге, сиыржоңышқа, қойжусан, қойқарақат, бөріқарақат, аққайың, қотырқайың, итбүлдірген, итқонақ, укекіре, убидайық, балқарағай, балқоға.*

***Ескерту.*** *Ақ, қара, қызыл, қоңыр* сияқты сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: *ақ аю, қоңыр аю, қара бұрыш, қызыл бұрыш.*

2) Бірінші сыңары түсті білдіретін сын есімдер немесе әр түрлі есім сөздер, екінші сыңары *ағаш, шөп, гүл, тікен, жапырақ, тамыр, құс, балық, тауық, құрт, жидек, жеміс* сияқты жалпы атаулар болып келетін тіркестер қосылып жазылады: *қараторғай, қарағаш, қаракұрт, қаражидек, қарабидай, қызылжидек, қызылбалық, сарышөп, сарағаш, қаракүйе, қарақат, қоңыраушөп, сәлемшөп, тарақбалық, қылышбалық, күркетауық, түйетауық, қояноты, киікоты, түймежапырақ, сужапырақ, сүтжапырақ, әректікен.*

§ 30. Екі түбірден құралып, терминге айналған техника, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт т.б. салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, ұғым атаулары мен әр алуан мамандық, кәсіп, қызмет иелерінің аттары бірігіп жазылады. Мысалы: *шаңсорғыш, еттартқыш, бесатар, өнертапқыш, жанкүйер, бессайыс, ақсүйек, қоскұлақ, соқыртеке, балтамтап* (ойын аттары), *беташар, тоқымқағар, ақсарбас* (ырым, дәстүр атаулары), *тоғызқұмалақ, асатаяқ, алыпсатар.*

§ 31. Екінші сыңары *аралық, тану, сымақ* деген сөздер немесе бірінші сыңары *фото, электр, радио, авто, авиа, аэро, кино, гидро, агро, транс, инфра, ультра, изо, гипер,* ал екінші сыңары қазақ сөздері болып келген тіркестер бірге жазылады. Мысалы: *халықаралық, ауданаралық, континентаралық; жаратылыстану, шығыстану, абайтану; шешенсымақ, фотосурет, электрұстара, радиоқабылдағыш, автоқалам, аэрошана, киноқондырғы, агрошаралар, инфрақызыл, ультракүлгін, изосызық, гипержазықтық.*

***Ескерту.*** Бірігіп жазылуы дәстүрге айналған *дүниежүзілік, бүкілодақтық, бүкілхалықтық, қиыршығыстық, ортаазиялық* сияқты сын есімдер осы түрінде жазылады (олар сөздікте беріледі).

§ 32. Екі кейде үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар, негізінен, түбірі сақталып, бірге жазылады. Мысалы: *Досжан, Өтепберген, Әбдіманап, Мергенбай, Қартбай, Талдықорған, Жезқазған, Екібастұз, Қызылжарқұдық, Ақтүйесай, Ақдаласор.*



Алдыңғы сыңары дауысты дыбысқа аяқталып, екіншісі дауыстыдан басталатын кейбір жалқы есімдердегі қатар келетін екі дауыстының бірі (алғашқысы) түсіріліп жазылады. *Қожа+Ахмет - Қожахмет, Торы+айғыр - Торайғыр, Мырза+әлі - Мырзәлі (немесе Мырзалы), Сары+өзек - Сарөзек, Сары+арқа - Сарарқа, Қанды+ағаш - Қандағаш, Сары+ағаш - Сарағаш.*

***Ескерту.*** а) Адам аттарының ішінде *бек, хан, мырза, әлі (әли, ғали)* сияқты сөздермен жасалған есімдердің сыңарлары да әрдайым бірігіп жазылады: Мырзалы, *Тұрсынзада, Әбдуәлі (Әбдуәли), Құлмұхамбет, Бекмұхамбет;* соңғы кездерде байқалғандай жалқы есімдердің сыңарларын ажыратып жазу (*Мырза Әлі, Бек Мұхамбет*) тәжірибесі дұрыс емес.

*Ұлы, қызы* сөздері фамилияны және әкесінің атын білдіретін сөздермен тіркескенде, жалқы есімге қосылып жазылады. Мысалы: *Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Сара Сәтбайқызы Есова.*

ә) Екі түбірден құралған бірқатар кісі аттары түбір тұлғалары өзгеріп біріккен түрінде жазылады. Мысалы: *Дәметкен, Ұлмекен, Ұлбосын (Дәмеетқен, Ұлмаекен, Ұлболсын* емес).

б) Екінші сыңары **қ, к** дыбыстарынан басталатын кейбір кісі аттары екі түбірдің үндесу ыңғайына қарай да жазылады: алдыңғы түбір қатаң дыбысқа аяқталса, келесі сөз де қатаң **қ, к** әріптерімен жазылады. Мысалы: Күсепқали, Қоскелді, Айткелді, Айтқожа, Сейітқұл, Аққыз; алдыңғы түбір дауысты дыбыстар мен ұяң, үнді дыбыстарға аяқталғанда, келесі түбірдің басқы дыбыстары ұяңдап, **ғ, г** болып айтылса, **ғ, г** әріптері жазылады. Мысалы: Амангелді, Нұргелді, Төрегелді, Нұрғиса, Нұрғожа, Есенғұл, Қарагөз, Ботагөз, Айғыз. Ал қатаң түрде айтылса, **қ, к** әріптері жазылады. Мысалы: Әбілқайыр, Әбдіқадыр, Әбілқасым, Қаламқас, Бибікамал, Шәмшікамар;

в) қазақтың төл сөздері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздерден жасалған кісі аттары қатарынан екі дауыссыз дыбыстан басталмайды, олардың не алдынан, не ортасынан **ы, і** әріптерінің бірі жазылады. Мысалы: *Ысқақ (Сқақ* емес), *Ысқақбай (Сқақбай* емес), *Сымахан (Смахан* емес), *Сыматай (Сматай* емес), *Сыланов (Сланов* емес), *Ысмағұл немесе Сымағұл (Смағұл* емес), *Ырза (Рза* емес), *Ырзабай (Рзабай* емес), *Ырсалды (Рсалды* емес);

г) аттас жерлерді бір-бірінен ажырату үшін алдарынан қолданылатын анықтауыш есімдер бас әріптен басталып, бөлек жазылады. Мысалы: *Кіші Азия, Орта Азия, Орталық Азия, Үлкен Қарой, Кіші Қарой.*

## V. ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 33. Қос сөздердің барлық түрі дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *дүркін-дүркін, үлкен-кіші, үлкенді-кішілі, аяқ-табақ, қып-қызыл, қолма-қол, көзбе-көз, қолды-қолына, жалт-жұлт, өзінен-өзі, қараптан-қарап, некен-саяқ, жөн-жосық, саяси-бұқаралық.*

Араларына **да, /де, та, те/** шылауын салып, етістіктің бұйрық рай тұлғаларынан жасалған сипаттама тіркестер қос сөздер сияқты дефиспен жазылады, шылау сөз бірінші сыңарға (сөзге) қосылып беріледі: *уда-шу* (айғай), *аста-төк* (байлық), *ұрда-жық* (мінез), *келде-кет* (немесе *кел-кет* болып отыру).

## VI. ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 34. Қосымшалар сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай, буын үндестігі бойынша, я жуан, я жіңішке болып жазылады. Мысалы: *жұмысшы-лар-дың, инсти-тут-тар, пле-нум-да, бюлле-тень-дер, мұға-лім-ге, да-рия-лар, по-ляк-тар.*

***Ескерту.*** *Күнә, кінә, шүбә, күә, іңкәр, күмән, Күләш, Күләй, Мүтән* сияқты соңғы буынында жіңішке ә әрпі жазылатын сөздерге қосымшалар жіңішке жалғанады, тек барыс жалғауы мен етістік тудыратын **=ла** жұрнағы жуан айтылып, жуан

жалғанады. Мысалы: *күнәсіз, күнәлі* (бірақ *кінәға бату, күнәлау*), *шүбәсіз, шүбәлі* (бірақ *шүбәлану*), *куәсі, куәлік* (бірақ *куәға тарту*), *күмәнсіз* (бірақ *күмәндану*), *Күләштің* (бірақ *Күләшқа*).

§ 35. Соңғы дыбыстары **рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, брь, бль** сияқты дауыссыздар тіркесіне және **ог, уг** дыбыстарына біткен сөздерге қосымшалар әрдайым жіңішке түрде жалғанады. Бұлар **к, г** дыбыстарының және жіңішкелік белгісімен келген **р, л** дыбыстарының жіңішке айтылуына байланысты. Мысалы: *парктен, паркке, паркі, митингілер, митингіге, фактіге, фактісі, полкке, полктер, полкі, пункттерді, ансамбльге, ансамблі, педагогтер, педагогтік, округке, округтік.*

*Ескерту.* Жіңішкелік белгісіне аяқталған бір буынды сөздер мен соңғы буынында **ё, э** дыбыстары бар сөздерге қосымша әрдайым жіңішке жалғанады. Мысалы: *рульдер, рулі, Петрдің, Петрге, актерге, актерлер, дуэттер, дуэті.*

§ 36. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның басқы дыбысы да қатаң, ал сөздің соңғы дыбысы ұяң я үнді болса, қосымшаның басқа дыбысы да ұяң я үнді болып жалғанады. Мысалы: *астық-ты, астық-тан, табыс-пен, айт-тыр, трактор-лар, қағаз-дар, мал-мен, құм-мен, ауыз-бен.*

*Ескерту.* **б, в, г, д** әріптеріне бітетін сөздерге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар тек қатаң дыбыстан басталып жалғанады. Мысалы: *штаб-тан, клубқа, парад-тан, парад-қа, актив-ке, пассив-тен, резерв-тік, педагог-тер, геолог-тер, геолог-ке, Ашғабад-қа, Мадрид-тен.*

§ 37. Сөздің соңғы дыбысы **с** немесе **з** болып, оған **с, ш** дыбыстарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбірдің соңғы дыбысы өзгертілмей жазылады. Мысалы: *ауызша (ауышша* емес*), жұмысшы (жұмышшы* емес*), басшы (башшы* емес*), сөзсіз (сөссіз* емес*), жазсын (жассын* емес*), көзсіз (көссіз* емес*).*

§ 38. Сөздің соңғы дыбысы **н** болып, оған **ғ, г, б** дыбыстарының бірінен басталатын қосымша жалғанғанда, ол дыбыс өзгертілмей жазылады. Мысалы: *күнге (күнге* емес*), жанбайды (жамбайды* емес*), жаңға (жаңға* емес*).*

§ 39. **-ов, -ев** жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша түбір сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады. Мысалы: *Әділбаевқа (*соңғы буын - *бай* - жуан), *Әділбековке (*соңғы буын - *бек), Жүсіповтің* (соңғы буын - *сіп*).

§ 40. Қосымшалар дауысты дыбыстан басталғанда, түбірдің соңындағы **қ, к, п** дыбыстары ұяңдап, **ғ, г, б** (немесе **у**) болып өзгерген түрінде жазылады. Мысалы: *тарақ - тарағы, тайлақ - тайлағы, қызық - қызығы, жүрек - жүрегі, тік - тігеді, кітап - кітабы, жап - жабады; тап - тауып - табады, кеп - кеуіп - кебеді.* Бірақ *қазақы* (ат), *қалмақы* (ер) сияқты бірер сөздердің түбірі сақталып жазылады.

*Ескерту.* а) Соңғы буынында **ы, і** дыбыстары бар кейбір сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, **ы, і** дыбыстары түсіп қалады. Мысалы: *орын+ы - орны, құлық+ы - құлқы, әріп+і - әрпі, ерін+і - ерні, көрік+і - көркі, халық+ы - халқы, ойын+а - ойна, үрік+ек - үркек* (мұндай сөздер емле сөздіктерінде толық көрсетіледі).

ә) *ауыл, дауыс* сияқты бірен-саран сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, айтылу (дыбысталу) ыңғайына қарай соңғы буындағы **ы, і** әріптері түсіріліп те, түсірілмей де жазыла береді (олар емле сөздіктерінде *және* деген белгімен қатар беріледі);

б) **п, х** дыбыстарына аяқталатын кірме сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, **п, х** дыбыстары ұяңдамайды: *принцип-і - принципі, тип-ін-де - типінде, окоп-ы - окопы, цех-ы, - цехы, альманах-ы - альманахы; тарих-ы - тарихы.*

§ 41. **нд, мп, кт, нг, нк, мб, ск, фт** сияқты дыбыстар тіркесіне бітетін сөздерге қосымшалар **ы, і** дәнекері арқылы қосылады. Мысалы: *фонд-фонд-ы-ға, фонд-ы-ны, фонд-ы-дан, фонд-ы-сы; шрифт-шрифт-і-ге; штапмп-штамп-ы-лау; факт-факт-і-ге; митинг-митинг-і-ге; объект-объект-і-лер, объект-і-ге; ромб-ромб-ы-нын, банк-банк-і-сі.*



§ 42. **ст, сть, зд** дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымшалар жалғанғанда түбірдегі соңғы дауыссыз түсіріліп жазылады. Мысалы: *тест - тес-тің, тес-іне; ведомость - ведомос-қа, ведомос-ы; съезд - съез-ге, съез-і-нің; социалист - социалиске, социалистік.*

§ 43. Бас әріптерден қысқарған сөздер тек қана дауыссыз дыбыстардан тұрса, оларға қосымшалар соңғы әрпінің жуан я жіңішке айтылуына қарай үндесіп, я жуан, я жіңішке болып, дефис арқылы жазылады. Мысалы: *ТМД-ға, АҚШ-қа.* Ал араларында немесе соңында дауысты дыбыс әріптері тұрса, қосымша сол дыбысқа үндесіп, жуан не жіңішке болып дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *ЮНЕСКО-ның, НАТО-ға, БҰҰ-ның.*

§ 44. Тырнақшаға алынған сөздерге жалғанатын қосымшалар тырнақшаның ішіне жазылады. Мысалы: *Ол өлең "Қазақ әдебиетінде"* басылды; *Лев Толстойдың "Соғыс және бейбітшілігін"* қазақ тілінде де, орыс тілінде де оқыдық.

## VII. ШЫЛАУ СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 45. Шылау сөздер төмендегіше жазылады:

а) шылаулар, негізінде, бөлек жазылады. Мысалы: *сабақтан кейін, жиналысқа дейін; қағаз да, қарындаш та; қалам мен сия; аз ба, көп пе?*

ә) *ақ, ау, ай, мыс, міс, ды, ді, сынды* шылаулары өздерінен бұрынғы сөздерден дефис (-) арқылы бөлініп жазылады. Мысалы: *сен-ақ, келмейді-ау, әдемісін-ай, барыпты-мыс, шамалы-ақ, көретін-ді, Амангелді-сынды, қой-ақ қой.*

б) *ма ( ме, ба, бе, па, пе)* сұраулық шылауы түбір мен қосымша арасында да қолданылғанда *мы, мі, бы, бі, пы, пі* болып өзгерген қалпында бірігіп жазылады. Мысалы: *келемісің? айтыппысың? Сұлтанбысың?*

## VIII. БАС ӘРІПТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

§ 46. Нүкте, сұрау, леп белгілерінен кейінгі сөйлемнің бірінші сөзі, көбінесе өлеңнің әрбір жолы бас әріптен басталып жазылады.

§ 47. Жалқы есімдер (кісі аттары, географиялық атаулар, кәсіпорындардың аттары, кітап, журнал, шығарма, мереке, мекеме, ұйым аттары т.б.) бас әріптен басталып жазылады. Мысалы: *Абай Құнанбаев, Максим Горький, Балқаш, Алматы, Александр Фадеевтің "Жас гвардия" романы, Наурыз мейрамы, Мәдениет министрлігі, Ғылым академиясының Тіл білімі институты.*

§ 48. Күрделі есімдерден құралған мынадай атаулардың әрбір сөзі бас әріппен жазылады.

а) Ең жоғарғы мемлекеттік қызмет аттары мен құрметті атақтар: *Қазақстан Республикасы Президенті, Президент Әкімшілігі, Қазақстан Халық Қаһарманы;*

ә) мемлекеттердің, республикалардың, жоғарғы мекемелер мен ұйымдардың күрделі атауларының әр сөзі бас әріппен жазылады: *Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы.*

***Ескерту.*** Әр түрлі мекемелердің, білім-ғылым орындарының, партиялардың, ұйымдардың, бірлестіктердің, қорлардың т.б. күрделі атауларының бірінші сөзі ғана бас әріппен жазылады: *Сыртқы істер министрлігі, Ғылым академиясы, Тіл білімі институты, Ұлттық банк қоры.* Бұлардың бірсыпырасының алдында келетін *Мемлекеттік, Ұлттық, Қазақстан Республикасы* деген сияқты анықтауыштардың әр сөзінің бас әріппен жазылуы сақталады: *Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы, Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігі, Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институты, Өзбекстан Республикасы Жоғарғы соты.*

§ 49. Бірінші әріптерден қысқарған сөздердің әрбір әрпі бас әріппен жазылады. Мысалы: *ТМД* (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы), *ҚР* (Қазақстан Республикасы), *БҰҰ* (Біріккен Ұлттар Ұйымы), *АҚ* (Акционерлік Қоғам).

*Ескерту.* Әріптерден қысқарған сөздердің бірқатары өзге тілдердегі тұлғасымен қолданылады: *НАТО, ЮНЕСКО, ГУЛАГ, УАЗ* (автомашинасы).

Алғашқы сөздің басқы буынынан, соңғы сөздердің бас әріптерінен қысқарып жасалған сөздердің қысқарған буынының алғашқы әрпі бас әріппен, қалған әріптері кіші әріппен жазылады, ал одан кейінгі бас әріптерден қысқарған тұлғалар сол күйінде сақталады. Мысалы: *ҚазТАГ- Қазақ Телеграф агенттігі, ҚазМУ -Қазақ мемлекеттік университеті.*

## IX. СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ

**§ 50.** Жазып келе жатқанда, жолға сыймаған сөз буын жігіне қарай тасымалданады. Мысалы: *ала-қан, ор-на-лас-ты-ру.*

**§ 51.** Екі дауысты дыбыстың ортасында келген **й** мен **у** дыбыстары бар сөздерді буындағанда, бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады. Мысалы: *да-уыс (дау-ыс* емес*), са-уат (сау-ат* емес*), да-йындық (дай-ындық* емес*), құ-йын (құй-ын* емес*).* Ал *ұу, үу, ый, ій* қосар әріптердің орнына жазылған **у, и** әріптері бар сөздер буындалғанда, келесі буын дауысты әріптен басталады және солай тасымалданады. Мысалы: *бу-ын, су-ық, ку-а-қы, қи-ын, ти-ын, жи-ын* (тасымалданудың бұл түрі қазақ тілі табиғатына қарай емес, қосар дыбыстарды **и, у** деген жалаң таңбалармен жазуға байланысты қолданылатын шартты ереже).

*Ескерту:* Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде, алдыңғы жолда екі дауыссызды қалдырып, келесі жолға үшінші дауыссыз дыбыс әрпін шығарып тасымалдау керек. Мысалы: *құмырс-қа (құмыр-ска* емес*), күңгірт-теу (күңгір-ттеу* емес*), жаңғырт-ты (жаңғы-ртты* емес*).*

**§ 52.** Жазып келе жатқанда жолға сыймаса, мынадай орындарда тасымал жасауға болмайды:

а) екі, үш не одан да көп әріптерден құралған бір буынды сөздер жеке тұрғанда тасымалданбайды. Мысалы: *ай, күн, вольт, кварц, пункт;*

ә) сөздің жеке әрпін сол жолдың өзінде қалдыруға да, келесі жолға тасымалдауға да болмайды. Мысалы: *ара (а-ра, ар-а* емес*), аяқ (а-яқ* емес*), алақан (а-лақан* емес*);*

